

2021 - 2022 оқу жылына Павлодар облысы бойынша бюджет қаражаты көлемінің шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 259/8 қаулысы. Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 қазанда № 24709 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8-4) тармақшасына және 62-бабының 6-2-тармағына сәйкес, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2021 - 2022 оқу жылына Павлодар облысы бойынша бюджет қаражаты көлемінің шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А. Құрмановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Скаков

Павлодар облысы
әкімдігінің
2021 жылғы 5 қазандағы
№ 259/8 қаулысына
қосымша

2021 - 2022 оқу жылына Павлодар облысы бойынша бюджет қаражаты көлемінің шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілер саны	Айына бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	Туристтік-өлкетану	30	13 034
2	Экологиялық-биологиялық	30	13 034
3	Ғылыми-техникалық	105	13 010
4	Әлеуметтік-педагогикалық	360	13 006

5	Көркем-эстетикалық	260	13 008
6	Спорттық	260	13 008
7	Музыкалық-аспаптық	65	13 016
Барлығы		1110	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК